

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға Қазақстан Республикасы резидент еместерінің бағалы қағаздарына инвестициялауды жүзеге асыруға келісімдер берудің тәртібі туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы директоры 2000 жылғы 24 тамыз N 644. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 22.08.2000 жылы тіркелді. Тіркеу N 1244. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 375 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 130 V970314_ қаулысымен бекітілген Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау қағидаларының 2.2.-1-тармағының 4) тармақшасын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 15) тармақшасының негізінде, Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директоры

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің капитал қозғалысына байланысты операцияларды жүргізуге және валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына өтуі (орын ауыстыруы) көзделген бас лицензиясын алуға қажетті Қазақстан Республикасы резидент еместерінің бағалы қағаздарына инвестициялауды жүзеге асыруға Ұлттық комиссияның келісімін (бұдан әрі "Келісім" деп аталады) алу үшін зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның Ұлттық комиссияға еркін үлгіде жазылған өтініш беру керек екендігі белгіленсін.

2. Осы Қаулының 1-тармағына сәйкес ұсынылған өтінішті Ұлттық комиссияның өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайтындығы белгіленсін.

3. Ұлттық комиссияның Келісімді мынадай шарттар сақталған кезде беретіндігі белгіленсін:

1) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қолданылып жүрген лицензияның бар болуы;

2) Қазақстан Республикасының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару

жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерге және есеп берушілікке қатысты заңдары нормаларының сақталуы;

3) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметтің Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларына сәйкестігі.

4. Келісімнің Ұлттық комиссия Директоратының қаулысымен ресімделетіндігі белгіленсін. <*>

Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 2000 жылғы 02 қазандағы N 668 V001253_ қаулысымен.

5. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және Келісім алған ұйымның оны капитал қозғалысына байланысты операцияларды жүргізуге және валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына өтуі (орын ауыстыруы) көзделген бас лицензия алу үшін Келісім берілген күннен бастап отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынуға тиіс екендігі; өзгеше жағдайда берілген Келісімнің күші жойылатындығы белгіленсін.

6. <*>

Ескерту: 6-тармақ алынып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 2000 жылғы 02 қазандағы N 668 V001253_ қаулысымен.

7. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен күшіне енетіндігі белгіленсін.

8. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, "Активтерді Басқарушылар қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің (оған осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу міндетін жүктей отырып), "Бағалы қағаздар орталық депозитарий" ЖАҚ-ның және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

9. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның
Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясы Директоратының
2000 жылғы 24 тамыздағы N 644
қаулысына
1-қосымша

<*>

Ескерту: 1-қосымша алынып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар

жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының
2000 жылғы 2 қазандағы N 668

V001253_
қаулысымен.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК